

**Техникалық сипаттама
(ЛОТ № 6)**

№	Атауы	Сипаттамасы	Саны
1	Станокты үстел (7 станок орнатылған)	Ағаш өңдеуге арналған үстел жиынтығы (набор) Сипаттамасы: Балалар үшін қауіпсіз Еңбек қауіпсіздігі деңгейі жоғары Ұсақ моториканы дамытуға ықпал етеді Қол, көз және мидың үйлесімді жұмысын дамытады Барлық он саусақты белсенді пайдалануға ынталандырады Қиял мен эстетикалық қабылдауды жетілдіреді Жиынтық құрамына кіреді: Токарь модулі Аралау және шлифтеу (жылтырату) модулі Бұрғылау модулі	1
		Токарь модулі Биіктігі: 150 мм Ені: 450 мм Тереңдігі: 250 мм Жұмыс кернеуі: 12 В Материалдарды өңдеу диаметрі: 30 мм-ге дейін Материалдарды өңдеу ұзындығы: 110 мм-ге дейін Ағашты жоғары сапада өңдеуге арналған	3
		Шлифтеу модулі Биіктігі: 180 мм Ені: 300 мм Тереңдігі: 270 мм Жұмыс кернеуі: 12 В Кесу қалыңдығы: 4 мм-ге дейін Шлифтеу қағазы: 60 түйіршіктік (зернистость 60) Фанераны өңдеу мүмкіндігі бар	3
		Бұрғылау модулі Биіктігі: 200 мм Ені: 300 мм Тереңдігі: 200 мм Жұмыс кернеуі: 12 В Бұрғылау қалыңдығы: 4 мм-ге дейін Бұрғы диаметрі: 3,0 мм Ағашты жоғары сапада өңдеуге арналған	1
	Станоктардың шығын материалдары	Мектепке арналған оқу-жаттығу шығындық материалдар жиынтығы (School Consumables Box) Фанера: 1000 дана Цилиндр: 500 дана	1
	Барлығы		9

Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры



А.Ошибаева

Ғылымды дамыту жөніндегі жобалық кеңсе басшысы



А.Айымбетова

Ғылым департаментінің жетекші маманы



Т.Джатаев

ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны және жеткізу шарттары

Тауардың құны барлық салықтар мен алымдарды, соның ішінде қосылған құн салығын (ҚҚС), сондай-ақ жеткізуді жүзеге асырумен байланысты барлық ықтимал төлемдерді, баж салығын, көлік және өзге де шығындарды қамти отырып, сатып алушының қоймасына дейін жеткізу шартымен көрсетіледі.

Егер жеткізілетін тауардың ерекшелігі қосымша жұмыстар мен қызметтерді жүргізуді талап етсе, тауардың құнына **міндетті түрде барлық қажетті қызметтер**, соның ішінде монтаждау, іске қосу-баптау жұмыстары және тапсырыс беруші персоналын пайдалану және қызмет көрсету ережелеріне оқыту қызметтері **енгізілуі тиіс**.

Сәйкестік және тауар сапасы

Жеткізуші жеткізілетін тауарды Қазақстан Республикасының аумағында пайдалануға қажетті барлық рұқсаттар мен сәйкестік құжаттарының бар екенін растайды және оған кепілдік береді. Тауар Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын санитариялық-экология

ялық, табиғатты қорғау және өзге де нормативтік талаптарға толық сәйкес келуі, сондай-ақ қолданыстағы заңнамаға сәйкес барлық сараптамалар мен сынақтардан өтуі тиіс. Аталған талаптардың сақталғаны тиісті құжаттармен расталуы қажет. Жеткізілетін тауар жаңа, пайдаланылмаған, ақаусыз және үшінші тұлғалардың қандай да бір құқықтарымен ауыртпаланбаған болуы тиіс.

Кепілдік міндеттемелер

Жеткізілетін тауарға кепілдік мерзімі оны пайдалануға берген күннен бастап кемінде 12 (он екі) айды құрауы тиіс. Техникалық қызмет көрсету жұмыстары пайдалану құжаттамасының талаптарына сәйкес орындалу қажет.

Төлем шарттары және аванстық төлем

Аванстық төлемнің мөлшері келісімшарттың жалпы сомасының 50 %-на дейін болуы мүмкін. Аванс мөлшері тапсырыс берушінің сатып алу комиссиясының шешімімен университеттің ішкі ережелеріне сәйкес айқындалады.

Сатып алушы жеткізушіден аванстық төлем сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын ұсынуды талап етуге құқылы.

Қамтамасыз ету құжаты төмендегі нысандардың бірінде ұсынылады:

- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және банк қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар екінші деңгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдік;
- Қазақстан Республикасының аумағында тіркелген және сақтандыру қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар сақтандыру ұйымымен жасалған жеткізушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарты.

Жеткізу мерзімі

Тауар келісімшартқа қол қойылған күннен бастап 45 (қырық бес) күнтізбелік күннен кешіктірілмей жеткізілуі тиіс.